

Құрылыс құнын арзандату жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 31 тамыз N 1209. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Баға түзу факторын тұрақтандыру және құрылыс құнының өсуін тежеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Министрліктер, ведомстволар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері елді мекендердің инженерлік және көлік инфрақұрылымдарын дамытуға арналған құрылыс өнімдеріне шығындарды жүктеу практикасын тоқтатып, өздерінің ведомстволық актілерін қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға
с ә й к е с к е л т і р с і н .

Электр, газ, сумен жабдықтау, жылу жүйесі мен су құбырларын, көлік коммуникацияларын және басқа да әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін дамытуға арналған шығындар салынып жатқан тұрғын үйлердің құнына енгізілмесін және "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-бап) айқындалған көздердің есебінен қаржыландырылатын болсын.

2. Аталған шығынды жаңадан салынған үйлердің сатуға қалдырылған бөлігіне жатқыза отырып, тұрғын үйді өтеусіз беруді жергілікті атқарушы орындардың талап етуіне, ал тапсырыс берушілердің оны басқа біреуге беруіне
т и ы м с а л ы н с ы н .

3. Құрылысты мемлекеттік қаржылар мен шетелдік инвестициялар есебінен жүргізген кезде шаруашылық жүргізуші субъектілер құрылыста мердігерлік конкурстар мен сауда (тендер) әзірлеп, өткізу жөнінде 1994 жылы 30 қарашадағы N 29 қолданылып жүрген ережені орындайтын болсын.

4. "Қазақстан КСР құрылыс кешенінің нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге көшуі жөніндегі кейбір кезек күттірмес шаралар туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 8 сәуірдегі N 225 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК